



**АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
ЖӨНІНДЕГІ МЕМОРАНДУМ**

**«АСТАНА МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ**

ЖӘНЕ

**САНТОШ УНИВЕРСИТЕТІ, ҒАЗИАБАД,
ДЕЛИ
ҰАА, ҮНДИСТАН**

№ _____

Астана қ.

« _____ » _____ 2024

2024 жылғы 15 қаңтардағы № 34-н/к бұйрығының негізінде әрекет ететін проректор В.В.Қойқовтың атынан «Астана медицина университеті» КеАҚ, бір жағынан, СҚО, Газиабад, Дели, Үндістан, Сантош университеті, Тіркеуші, доктор Нареш Шарма, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, халықаралық байланыстар орнату арқылы Тараптар үшін пайданы мойындай отырып, төмендегі мәселелер туралы осы Меморандумды (бұдан әрі – Меморандум) жасасты.

1. Меморандумның мәні

1. Тараптар медициналық білім беру, ғылыми-зерттеу жұмыстары, медицина кадрларын мамандандыру және олардың біліктілігін арттыру, оқыту сипатындағы іс-шараларды өткізу үшін ғалымдармен және оқытушылармен алмасу саласында ынтымақтастық орнатуға және дамытуға келісті.

2. Ынтымақтастық бағыттары

2. Тараптар ынтымақтастықтың келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылатынын анықтады:

- медициналық персоналды шетелде оқыту, мамандандыру, біліктілігін арттыру;
- ғалымдар мен оқытушылардың тәжірибе алмасуы-дәріс оқу, мастер-кластар және оқыту сипатындағы басқа да іс-шаралар өткізу;

MEMORANDUM OF UNDERSTANDING

**BETWEEN
NCJSC "ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY" THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN**

AND

**SANTOSH DEEMED TO BE UNIVERSITY,
GHAZIABAD, DELHI NCR, INDIA**

« _____ » _____ 2024

№ _____

NCJSC "Astana Medical University", represented by Acting Rector Vitaliy Koikov on the basis of the power of attorney № 34-н/к dated 15.01.2024, on the one hand, and Santosh Deemed to be University, Ghaziabad, Delhi NCR, India represented by Dr. Naresh Sharma, Registrar on the other hand, collectively hereinafter referred to as the "Parties", recognizing the benefits for the Parties through the establishment of international relations, have entered into this Memorandum of Understanding (hereinafter referred to as the Memorandum) on the following:

1. Subject of the Memorandum

1. The Parties agree to establish and develop cooperation in the field of medical education, scientific research, specialization and professional development/training of the medical staff, exchange of scientists and teachers for conducting the educational activities.

2. Directions for cooperation

2. The cooperation between the Parties to be implemented as follows:

- training, specialization, professional development of the medical staff overseas;
- exchange of experience of scientists, clinicians and teachers for providing lectures, conducting workshops and other educational activities;

- медицина, стоматология, қоғамдық денсаулық сақтау және салалық денсаулық ғылымдары саласындағы Тараптардың зерттеу әлеуетін нығайту мақсатында оқытушылар мен зерттеушілердің тәжірибе алмасуы;

- Тараптардың өзара мүддесін білдіретін салаларда ақпаратпен және материалдармен алмасу;

- ғылыми-клиникалық және зертханалық, ғылыми-зерттеу және медициналық инновациялық технологиялар саласындағы ынтымақтастық;

- бірлескен ғылыми және ғылыми – практикалық іс-шараларды (съездер, конференциялар, симпозиумдар, семинарлар, көрмелер) өткізу;

- жазғы оқу бағдарламасын қоса алғанда студенттермен, академиялық және әкімшілік қызметкерлермен алмасу;

- семинар лагерлерін, клиникалық интернатура мен тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру, шеберлік конклавтары мен стипендиялық бағдарламаларға қатысу.

- ынтымақтастықты, ұжымдық жұмысты және өзара көмекті нығайту үшін Үндістан Республикасындағы Астана медициналық университетінің имиджін ілгерілету;

- осы Меморандумның қолданылу аясынан тыс емес басқа да академиялық және ғылыми салалардағы ынтымақтастық.

- 3. Тараптар осы Меморандум алдын ала шарт болып табылмайды және кұпиялылық жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, қаржылық және заңды міндеттемелерге әкеп соқпайды деп келіседі. Тараптар осы Меморандумның әрбір мақсаты бойынша нақты уағдаластыққа қол қойылмай және орындалмай тұрып, олардың жоғарыда аталған әрбір мақсат бойынша ешқандай уағдаластықтары, келісімшарттары немесе келісімдері жоқ екенін және Тараптардың ешқайсысының осы Меморандум негізінде одан әрі келісімшарттарды немесе келісімдерді немесе Меморандумға қатысты кез келген жазбаша және ауызша өтініштерді орындау бойынша ешқандай заңды және қаржылық міндеттемелері жоқ екенін түсінеді және қабылдайды.

3. Тараптардың өзара қарым-қатынасы

4. Тараптар осы Меморандумның 2-бабы шеңберіндегі іс-шаралар әрбір бірлескен жоба бойынша Тараптар жасасатын нақты шарттар

- exchange of experience of scientists and teachers to strengthen the research capacity of the Parties in the field of medicine, dentistry, public health and allied health sciences;

- exchange of information, publications and other materials for common interest of the Parties;

- cooperation in the field of scientific-clinical and laboratory, research and medical innovative technologies;

- conducting joint scientific and practical research activities (symposia, seminars, exhibitions and conferences);

- exchange of students and academic and administrative staff including summer training programme;

- organization of seminar camps, clinical internship and practical training, participation in skill conclaves and fellowship programmes.

- promote the Image of the University in the Republic of India to enhance cooperation, teamwork and mutual assistance;

- cooperation in other academic and scientific fields that do not go beyond the scope of this Memorandum.

3. The parties agree that this Memorandum is not a preliminary agreement and does not entail financial or legal obligations, with the exception of confidentiality obligations. The Parties understand and accept that until a specific agreement has been signed and executed for each purpose of this Memorandum, they have no contracts or agreements for each of the above-mentioned purposes, and neither Party has any legal or financial obligations for execution of further contracts or agreements based on this Memorandum or any written or oral statements in relation to the Memorandum.

3. Relations between the Parties

4. Both Parties agree that all activities, specified in Article 2 of the present Memorandum, are to be realized on the basis of specific contracts, to be

және егжей-тегжейлі әзірленген жұмыс жоспарлары және жоспарланатын бірлескен іс-шаралар, оларды ұйымдастыру нысандары, жүзеге асыру шарттары туралы нақты ақпаратты қамтитын зерттеу бағдарламалары негізінде, сондай-ақ оқытудың жеке келісімшарттары мен шарттары негізінде іске асырылатынына келіседі.

5. Тараптар осы Меморандумның 1-бабы мен 2-бабын орындау бойынша нақты іс-шараларды ұйымдастыруға қатысты барлық практикалық мәселелер әрбір жеке жағдайда талқыланатынына және екі Тараптың өкілетті өкілдері арасында хат алмасу жолымен келісілетініне уағдаласты. Бұл ретте Тараптар өзара іс-қимыл және тең құқықтық қағидатын құрметтейді.

6. Осы Меморандумға және одан туындайтын шарттарға, жасалған меморандум негізінде дайындалған жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына Тараптардың өзара келісімі бойынша, бір Тарап екінші Тарапқа кем дегенде 2 ай бұрын өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хабардар еткен жағдайда өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

7. Осы Меморандумға енгізілетін барлық өзгерістер, толықтырулар мен қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады және олар жазбаша нысанда жасалса және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда заңды күшіне ие болады.

4. Құпиялылық

8. Тараптардың кінәсінен болмаған қоғам игілігі болған ақпаратты қоспағанда, Тараптар бірлескен қызмет процесінде белгілі болған құпия мәліметтерді жария етпеуге міндеттенеді.

5. Басқа шарттар

9. Осы Меморандум 5 (бес) жыл мерзімге жасалады және оған Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

10. Осы Меморандумның қолданылуы автоматты түрде ұзартылады. Тараптардың кез келгені Меморандумды бұзғанға дейін кемінде 2 ай бұрын жазбаша хабарлама арқылы осы Меморандумның қолданылуын тоқтатуы мүмкін.

11. Осы Меморандумның қолданылуын тоқтату қабылдаушы Тараптағы білім алушының мәртебесіне әсер етпейді: Тараптар алмасу

concluded by Parties on each joint project and detailed work plans and research programs which shall include specific information on planned joint activities, organizational forms, implementation requirements based on individual agreements and educational contracts.

5. The Parties agreed that all practical issues relating to the organization of specific activities to implement Article 1 and Article 2 of this Memorandum are discussed on a case-by-case basis and agreed upon through correspondence between authorized representatives from both Parties. At the same time, the Parties respect the principle of interaction and equality.

6. This Memorandum and the agreements, work plans and programs arising from it, prepared on the basis of the concluded Memorandum, may be amended and supplemented by mutual agreement of the Parties, subject to notification of one Party about the amendment and addition to the other Party no less than 2 months.

7. All changes, additions and appendices to this Memorandum are an integral part of it and have legal force, provided that they are drawn up in writing and signed by authorized representatives of the Parties.

4. Confidentiality

8. The Parties undertake not to disclose confidential information that became known in the process of joint activities, with the exception of information that has already become public through no fault of the Parties.

5. Other conditions

9. This Memorandum is concluded for a period of 5 (five) years and comes into force from the moment it is signed by the Parties.

10. The validity of this Memorandum is automatically extended. This Memorandum may be terminated by either Party by written notice no less than 2 months prior to termination.

11. Termination of this Memorandum does not affect the status of the student in the receiving Party: all obligations of the Parties in relation to any student accepted into the exchange program by the

бағдарламасына қабылданған кез келген білім алушыға қатысты Тараптардың барлық міндеттемелері осы Меморандумның қолданылу мерзімінің токтатылуына қарамастан оқу мерзімінің соңына дейін сақталады.

12. Осы Меморандум Тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар екі данада қазақша және ағылшын тілдерінде жасалды және қол қойылды.

13. Екі тілде жазылған нұсқалар арасында қандай да бір сәйкессіздіктер болған жағдайда, қазақ тіліндегі нұсқасы басым күшке ие болады.

14. Осы Меморандум негіздемелік болып табылады және ынтымақтастықтың негізгі қағидағтары мен шарттарын қамтиды. Осы Меморандумдағы ережелердің ешқайсысы ешбір Тараптың ұлттық заңнамаларына қайшы келмейді.

Parties remain until the end of the training period, regardless of the termination of this Memorandum.

12. This Memorandum is drawn up and signed in Kazakh and English in two copies having equal legal force, one copy for each of the Parties.

13. In case of any discrepancies between the two language versions, the Kazakh version shall prevail.

14. This Memorandum is a framework and contains the basic principles and conditions of cooperation. This Memorandum will not contradict any of its provisions with the national laws of any of the Parties.

«Астана медицина университеті» КеАҚ

Астана қ., Бейбітшілік көш. 49 А,
тел.: +7(7172) 539522, +7(7172) 539540
факс: +7(7172) 53 94 53
e-mail: rektorat@amu.kz

Проректор
В.В. Койков

М.О.



NCJSC "Astana Medical University"

Beibitshilik str. 49A,
010000, Astana city,
The Republic of Kazakhstan
tel.: +7(7172) 53 94 24/ 53 94 42
fax: +7(7172) 53 94 53
e-mail: rektorat@amu.kz

Vice Rector
Vitaliy Koikov

Stamp



Сантош университеті, Газиабад,
Дели, Р.АА, Үндістан.
тел.: 9871649627

e-mail: registrar@santosh.ac.in

Тіркеуші,
Профессор, доктор Нареш Шарма

М.О.



Santosh Deemed to be
University,
Ghaziabad, Delhi NCR, India
tel.: 9871649627

e-mail: registrar@santosh.ac.in

Registrar,
Prof. Dr. Naresh Sharma

Stamp

